

**«Ақтөбе облысының білім басқармасы, Ақтөбе қаласы білім бөлімі» ММ-нің,
«№65 жалпы білім беретін орта мектебі» КММ-нің аттестаттау
нәтижелерінің қорытындысы негізінде кемшіліктер мен ескертулерді жою
бойынша анықтама**

Ақтөбе облысының білім саласында сапаны қамтамасыз ету департаментінің 2024 жылғы 02-16 қыркүйек айында өткізілген мемлекеттік аттестаттау барысында анықталған кемшіліктерді жою мерзімі 2024 жылдың 19 қазан деп белгіленді.

«Ақтөбе қаласының білім бөлімі» мемлекеттік мекемесінің «№65 жалпы білім беретін орта мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі тарапынан мемлекеттік аттестаттау барысында анықталған кемшіліктерді жою мақсатында жұмыс жоспары бекітіліп, департаментке ұсынылды.

№65 жалпы білім беретін орта мектебі бекіткен жоспарға сәйкес мемлекеттік аттестаттау барысында анықталған кемшіліктерді жою мақсатында атқарылған жұмыстар бойынша есебін жолдайды.

2024 жылдың 16 қыркүйектегі педагогикалық кеңес отырысында №2 хаттамасы негізінде өткізілген мемлекеттік аттестаттау кезінде анықталған кемшіліктерді жою жоспары бекітілді.

(PDF №1 педагогикалық кеңес хаттамасының көшірмесі қосымша ұсынылады)

Бекітілген жоспарға сәйкес келесі іс-шаралар атқарылды:

«№65 жалпы білім беретін орта мектебі» КММ 2023-2024 оқу жылы бойынша оқу жұмыс жоспарын «Web-студия Maxioma» сайтқа жүктеу жұмысын атқаратын орталықтың info@maxioma.kz электронды поштасы 30 шілде күні 16 сағат 02 минутта дұрыс жіберілген. Алайда, «Web-студия Maxioma» сайтқа жүктеу жұмысын атқаратын орталық 2023-2024 оқу жылының оқу жұмыс жоспарының орнына 2023-2024 оқу жылының ерекше білім беруге қажеттілігі бар оқушыға арналған оқу жұмыс жоспарын жүктеп қойғандықтан ұсынылманы деген қорытынды берілген.

Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3-тамыздағы №348 бұйрығымен бекітілген «Бастауыш білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты» (2-қосымшасы) 1-тарау 14-тармағына, «Негізгі орта білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандартының» (3-қосымшасы) 1-тарау 10-тармағына, «Жалпы орта білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандартты» (4-қосымша) 1 тарау 13-тармағы талабына сәйкес, 2023-2024 оқу жылының оқу жұмыс жоспары №65 жалпы білім беретін орта мектебінің сайтына жүктеп ұсынылды.

Сілтеме: <https://aktobe-65-aktobe.edu.kz/>

(PDF 2, 30 шілдеде 2024ж. Сайтқа 2023-2024 оқу жоспарын уақытында жүктеуге жібергені туралы дәлелдеме мәлімет.)

(PDF 3, Сайтқа құжаттарды қате жүктегендігін анықтау АКТ)

- 1. Бағалау өлшемшарттарының 9.1 тармағы:** Қазақстан Республикасы Оқу –ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы №348 бұйрығымен бекітілген «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандартының және Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 20 желтоқсандағы № 557 бұйрығының 3-қосымшасы «Мектеп жасына дейінгі балаларға арналған мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспары» (жаңа редакцияда ҚР Оқу-ағарту министрінің 09.09.2022ж. №394/алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) негізінде мектепалды топ тәрбиеленушілеріне арналған 2023-2024 оқу жылының оқу жұмыс жоспары ұсынылмаған,-деп көрсетілген.

Аталған кемшіліктерді түзету барысында:

Қазақстан Республикасы Оқу –ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы №348 бұйрығымен бекітілген «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандартының және Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 20 желтоқсандағы № 557 бұйрығының 3-қосымшасы «Мектеп жасына дейінгі балаларға арналған мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспары» (жаңа редакцияда ҚР Оқу-ағарту министрінің 09.09.2022ж. №394/алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) негізінде мектепалды топ тәрбиеленушілеріне арналған 2023-2024 оқу жылының оқу жұмыс жоспары №65 жалпы білім беретін орта мектебінің сайтына жүктеп ұсынылды.

Сілтеме: <https://aktobe-65-aktobe.edu.kz/>

- 2. Бағалау өлшемшарттарының 9.2 тармағы:** Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарын бағалау бойынша, 2023-2024 оқу жұмыс жоспары ұсынылмағандықтан, перспективалық жоспардың іске асырылуын, апталық сағат сандарын анықталмады, деп көрсетілген.

Аталған кемшілікті түзету барысында:

Қазақстан Республикасы Оқу –ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы №348 бұйрығымен бекітілген «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандартының және Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 20 желтоқсандағы № 557 бұйрығының 3-қосымшасы «Мектеп жасына дейінгі балаларға арналған мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспары» (жаңа редакцияда ҚР Оқу-ағарту министрінің 09.09.2022ж. №394/алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) негізінде мектепалды топ

тәрбиеленушілеріне арналған 2023-2024 оқу жылының оқу жұмыс жоспары және перспективалық жоспары №65 жалпы білім беретін орта мектебінің сайтына жүктеп ұсынылды.

Сілтеме: <https://aktobe-65-aktobe.edu.kz/>

- 3. Бағалау өлшемшарттарының 9.3 тармағы:** Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарын бағалау, инклюзивті білім беру жағдайында ерекше білім берілуіне қажеттілігі бар мектеп жасына дейінгі тәрбиеленушілердің болуы/болмауы туралы анықтама ұсынылмаған,- деп көрсетілген.

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 22 қаңтардағы № 70 бұйрығын басшылыққа ала отырып, білім беру ұйымын жабдықтармен және жиһазбен жарақтандырылған және әдістемелік ұсынымдарға 4-қосымшасына сәйкес жабдықтармен және жиһазбен қамтамасыз ету туралы директормен бекітілген мәліметтер толық ұсынбаған, - деп көрсетілген.

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 22 мамырдағы №216 бұйрығына (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде №20708 тіркелген) сәйкес мектепке дейінгі ұйымдарға арналған оқу-әдістемелік кешендермен қамтамасыз ету жағдайы бойынша ақпараттық ресурстар және кітапхана қоры әдістемелік ұсынымның 5-қосымшасына сәйкес оқу әдістемелік кешендері туралы мәлімет толық ұсынылмаған, - деп көрсетілген.

Аталған кемшілікті түзету барысында:

Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарын бағалау, инклюзивті білім беру жағдайында ерекше білім берілуіне қажеттілігі бар мектеп жасына дейінгі тәрбиеленушілердің болуы/болмауы туралы анықтама қоса ұсынылды (дәлелдеме құжаттар толық тіркеледі).

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 22 қаңтардағы № 70 бұйрығын басшылыққа ала отырып, білім беру ұйымын жабдықтармен және жиһазбен жарақтандырылған және әдістемелік ұсынымдарға 4-қосымшасына сәйкес жабдықтармен және жиһазбен қамтамасыз ету туралы директормен бекітілген мәліметтер толық ұсынылды, кемшіліктер жойылды (дәлелдеме құжаттар қоса тіркеледі).

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 22 мамырдағы №216 бұйрығына (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде №20708 тіркелген) сәйкес мектепке дейінгі ұйымдарға арналған оқу-әдістемелік кешендермен қамтамасыз ету жағдайы бойынша ақпараттық ресурстар және кітапхана қоры әдістемелік ұсынымның 5-

қосымшасына сәйкес оқу әдістемелік кешендері туралы мәлімет толық ұсынылды, кемшіліктер жойылды (дәлелдеме құжаттар қоса тіркеледі)
Сілтеме: <https://aktobe-65-aktobe.edu.kz/>

4. **Бағалау өлшемшарттарының 10.1 тармағы:** 2023-2024 оқу жылына МДТО ҰОЖ белгіленген тәрбиеленушілердің оқу жүктемесінің ең жоғарғы көлеміне қойылған талаптарға сәйкестігі және сақталуын анықтауға оқу жұмыс жоспары ұсынылмаған, - деп көрсетілген.

Аталған кемшілікті түзету барысында:

2023-2024 оқу жылы бойынша оқу жұмыс жоспары Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2022 жылғы 9 қыркүйектегі №394 бұйрығына 3-қосымша, Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 20 желтоқсандығы № 557 бұйрығына 3-қосымшаға сәйкес жасалған МДТО апталық оқу жүктемесі – 20 сағат.

2023-2024 оқу жылының оқу жұмыс жоспары жүктелді.

Сілтеме: <https://aktobe-65-aktobe.edu.kz/>

5. **Бағалау өлшемшарттарының 11.1 тармағы:** 2023-2024 оқу жылына мектепалды даярлық сыныптарда 2015 жылы туылған 3 тәрбиеленуші (Мұратова Райана Әділқызы, 09.12.2015ж, Қалықбаев Исмайл 24.11.2015ж., Болатов Арсен Даниярович 20.10.2015ж.), 2016 жылы туылған 29 тәрбиеленуші қамтылған, - деп көрсетілген.

Аталған кемшілікті түзету барысында:

Балалар білім беру ұйымына 5 жастан бастап қабылданған. Атап айтар болсақ:

Оқу жылдары	Мектепалды даярлық тобындағы бала саны	Соның ішінде			ескерту
		5 жас	6 жас	7 жас	
2021-2022	29	26	3	-	
2022-2023	36	36	1	-	
2023-2024	50	49	1	-	

2021-2022 оқу жылында Муратова Райана Әділқызы 09.12.2015, Болатов Арсен Даниярұлы 20.10.2015ж, Қалықбаев Исмаил 24.11.2015 ж туған 3 тәрбиеленуші ата – анасының өтінішімен даярлық топқа қабылданды. Қазіргі таңда бұл тәрбиеленушілер №65 ЖББОМ-нің 3 сыныбында оқиды.

Өлшемшарттардың талаптарына сәйкес кемшіліктер жойылды, дәлелдеме құжаттары жүктелді.

Сілтеме: <https://aktobe-65-aktobe.edu.kz/>

- 6. Бағалау өлшемшарттарының 11.2 тармағы:** Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарын бағалау талабына сәйкес келмейді, тәрбиеленушіні 1-сыныпқа қабылдағанға дейін МДТО үлгілік оқу бағдарламасын игеру бойынша балаларды қабылдау және шығару туралы мәліметтер 3-қосымшада ұсынылмаған, -деп көрсетілген.

Аталған кемшілікті түзету барысында:

Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарын бағалау өлшемшарттары талабына сәйкес, тәрбиеленушіні 1-сыныпқа қабылдағанға дейін МДТО үлгілік оқу бағдарламасын игеру бойынша балаларды қабылдау және шығару туралы мәліметтер 3-қосымшада ұсынылды.

Сілтеме: <https://aktobe-65-aktobe.edu.kz/>

- 7. Бағалау өлшемшарттарының 12.1 тармағы:** Бастауыш, негізгі және орта білім берудің жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарын бағалау өлшемшарттары бойынша 2023-2024 оқу жылы бойынша оқу жұмыс жоспары ұсынылмаған, - деп көрсетілген.

Аталған кемшілікті түзету барысында:

2023 - 2024 оқу жылында контингент 1-11 сыныпта 20 класс жиынтығында – 408 оқушы, ал мектепалды даярлық бойынша 2 сынып жиынтықта - 48 білім алушы оқыды.

2022-2023 оқу жылында оқу-тәрбие процесін ұйымдастыру үшін ҚР БҒМ 2012 жылғы 8 қарашадағы №500 «Қазақстан республикасында бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім берудің үлгілік оқу жоспарларын бекіту туралы» бұйрығына (ҚР ОА министрінің 18.08.2023 жылғы №264 бұйрығымен; ҚР ОА министрінің 30.09.2022 жылғы №412 бұйрығымен) енгізілген өзгерістермен педагогикалық кеңесте қарастырылып және ата-аналар комитеті мен қамқоршылық кеңестің келісімімен шешім қабылданып, жұмыс оқу жоспары әзірленді.

2023-2024 оқу жылында бастауыш білім беруге 191 сағат, негізгі орта білім беруге 308 сағат, жалпы орта білім беруге 70 сағат, барлығы 569 апталық жүктеме беріліп, бекітілген. Сабақ кестесі «Bilimklass.kz» электронды журналына салынып, мемлекеттік стандарттың орындалуы жүзеге асырылған.

Жалпы 2021-2024 жж. аралығында 3 жылдық оқу-тәрбие үрдісінің жұмыс оқу жоспары мен сабақ кестелері білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандартына сәйкес әзірленген. Оқу жоспары жыл сайын педагогикалық кеңесте қарастырылып және ата-аналар комитетімен қамқоршылық кеңестің келісімімен бекітіліп отырған.

Сабақ кестесін құруда әрбір сыныптағы пәндер бойынша оқу сағаттарының нормалары, мектептің материалдық-техникалық базасы мен кадр ресурстары ескеріле отырып, электронды «kyndelik.kz» және «Bilimklass.kz» электронды журналдарын пайдалану арқылы жасалған. Білім алушылардың бір күндік және апта ішіндегі ой еңбегінің жұмысқа қабілеттілігі динамикасы ескерілген. Сабақ кестесіндегі апталық оқу жүктемесі сақталынған. Мектептің сабақ кестесі міндетті және факультативтік сабақтар үшін жеке жасалған. Факультативтік сабақтар міндетті сабақтардың барынша аз саны бар күндері жоспарланған. Сабақ кестесінде оқушылар үшін сабақтар арасындағы үзілістің нормативі сақталған. Бастауыш, негізгі және орта білім берудің жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарын бағалау өлшемшарттары бойынша 2023-2024 оқу жылы бойынша оқу жұмыс жоспары жүктелді.

Сілтеме: <https://aktobe-65-aktobe.edu.kz/>

- 8. Бағалау өлшемшарттарының 12.5 тармағы:** Бастауыш, негізгі және орта білім берудің жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарын бойынша 2023-2024 оқу жылы бойынша оқу жұмыс жоспары ұсынылмаған, - деп көрсетілген.

Аталған кемшілікті түзету барысында:

Білім алушылардың жеке мүдделері мен қажеттіліктерін ескере отырып, бейінді оқытуды іске асыру (оқытудың тереңдетілген және стандартты деңгейлері):

2023-2024 оқу жылы бойынша 10, 11-ші сыныптарда ҚР Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 8 қарашадағы №500 бұйрығына 86 қосымшасының жаратылыстану- математика бағыты бойынша жалпы орта білім берудің оқу жұмыс жоспары бойынша оқытылған. Сол себептен тереңдетілген және стандарттық деңгейдегі пәндер таңдалмаған.

Оқушылардың жаратылыстану – математика бағыты бойынша және басым бөлігінің болашақ мамандықтарына дайындау мақсатында және сұраныстары негізінде таңдау пәндерінен білімдерін кеңейту үшін вариативтік компонент бөлігіндегі таңдау пәндері көлемінен «Химиялық есептері мен заңдылықтары» курсы қиындық деңгейлері қарапайым типтік есептерді шығаруды меңгерту арқылы, қиындық деңгейлері күрделі типтік есептерді шығару дағдыларындамыту мақсатында 10-шы класта аптасына 1 сағаттан оқытылды.

10-шы, 11-ші кластарында «Жаһандық құзыреттілік» курсы білім алушылардың әлемдегі өз орнын анықтау үшін қажетті құндылық бағдарларын, коммуникативтік дағдыларын, әдептілік нормалары мен мінез-құлық ұстанымдарын қалыптастыру мақсатында аптасына 1 сағаттан оқытылды.

10-шы және 11-ші кластарында «Физика есептерін шығару әдістері» курсы физикадан математикалық амалдарды есептеу жұмыстарында сапалы қолдануға, есептерді әдіс-тәсіліне, деңгейіне байланысты шығаруға дағдыларын қалыптастыру мақсатында аптасына 1 сағаттан оқытылды. Сондай-ақ, 11-ші

сыныпта білім алушыларға тірі организмдердің химиялық құрамы, табиғи қосылыстардың физика-химиялық және биологиялық қасиеттері, зат алмасуының негізгі жолдары, метаболиттік процестердің реттелу механизмдері мен өзара байланыстылығы бойынша білімдерін қалыптастыру мақсатында «Биохимия негіздері» курсы аптасына 1 сағаттан оқытылды. Жұмыс оқу жоспарына сәйкес сабақ кестесі жасалып бекітілген. «Bilimklass.kz» электронды журналында негізгі пәндердің қатарында көрсетілген. № 65 жалпы білім беретін орта мектебінің сайтында жүктелді.

Сілтеме: <https://aktobe-65-aktobe.edu.kz/>

- 9. Бағалау өлшемшарттарының 12.5 тармағы:** Бастауыш, негізгі және жалпы орта білім берудің жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарында ҰОЖ сәйкес жүзеге асыратын вариативтік компоненттің факультативтері мен таңдау курстарын іске асырылуын 2023-2024 оқу жылының оқу жоспары ұсынылмаған, - деп көрсетілген.

Аталған кемшілікті түзету барысында:

ҰОЖ-ға сәйкес жүзеге асырылатын вариативтік компоненттің таңдау курстары мен факультативтерін іске асыру:

Зерделеу нәтижесі бойынша 2021-2022, 2022-2023, 2023-2024 оқу жылдары жалпы білім беретін үлгілік оқу жоспарларына сәйкес вариативтік компоненттің оқу жүктемесі нақты сақталғандығы анықталды.

Вариативтік компоненттен алынған таңдау курстарының сабақ кестесі бөлек жасалып, бекітілген. Таңдау курстарының оқу бағдарламалары құрылып, пәндік бірлестіктерде талданған, мектеп директорымен бекітілген.

2023-2024 оқу жылы бойынша ҚР БҒМ 2012 жылғы 8 қарашадағы № 500 «Қазақстан Республикасында бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім берудің үлгілік оқу жоспарларын бекіту туралы» бұйрығына (ҚР ОА министрінің 18.08.2023 жылғы №264 бұйрығымен; ҚР ОА министрінің 30.09.2022 жылғы №412 бұйрығымен) енгізілген өзгерістермен педагогикалық кеңесте қарастырылып және ата-аналар комитетімен қамқоршылық кеңестің келісімімен шешім қабылданып, жұмыс оқу жоспары әзірленді.

Жұмыс оқу жоспарының негізгі мақсаты: Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 03 тамыздағы №348 бұйрығымен бекітілген «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарды» (Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 23 қыркүйектегі № 406 бұйрығымен енгізілген өзгерістер мен толықтырулар) орындау және жүзеге асыру.

Бастауыш білім беру деңгейі бойынша вариативтік компонент сағаттары:

ҚР БҒМ 2020 жылғы 27 қарашадағы №496 бұйрығымен бекітілген Бастауыш білім берудің жалпы білім беретін пәндердің үлгілік оқу бағдарламаларын

негізге ала отырып құрылды. 1-4 сыныптарда «Өмір қауіпсіздігі негіздері» оқу курсы «Дүниетану» оқу курсының аясында кіріктірілген оқу бағдарламасы негізінде жүзеге асырылады. Вариативтік компоненттен сағаттар келесідей бөлінді.

Оқу жоспарының «Таңдауы бойынша сабақтар»:

«Кіші бастауыш буындағы жаратылыстану пәні терминдері» 1а, 1ә – 1 сағаттан, барлығы – 2 сағат.

«Кіші бастауыш буындағы жаратылыстану пәні терминдері» 2а, 2ә – 1 сағаттан, барлығы – 2 сағат.

«Қызықты грамматика» 2а, 2ә-1сағаттан, барлығы – 2 сағат.

«Математика және логика» 3а, 3ә – 1 сағаттан, барлығы – 2 сағат.

«Математика және логика» 4а, 4ә – 1 сағаттан, барлығы – 2 сағат.

Негізгі орта білім беру деңгейі бойынша вариативтік компонент сағаттары:

«Өмір қауіпсіздігінің негіздері» оқу курсының аясында 15 сағаттық жылдық оқу жүктемесімен дене шынықтыру мұғалімінің оқытуымен іске асырылады.

Оқу жоспарының вариативті компонентінің жаһандық құзыреттілікті қалыптастыру мақсатында төмендегі оқу бағдарламасы берілді:

«Жаһандық құзыреттілік» 5а кл - 0,5сағ, 5ә кл - 0,5 сағ, 6а кл - 0,5 сағ, 6ә кл - 0,5 сағ, 6б кл - 0,5 сағ, 7а- 0,5 сағ, 8а кл - 0,5 сағ, 8ә кл - 0,5 сағ, 9а - 1сағ, 9ә-1сағ, барлығы - 6 сағат.

Білім алушылардың ерте кәсіби бейімделуін қамтамасыз ету мақсатында вариативті компонентте инвариантты компоненттен таңдалатын оқу пәндерінің келесі комбинациясы қарастырылған:

Класс	Оқу пәні	Оқу пәні	Таңдау пәні
7а	Қазақстан тарихы	География	Алгебра
	Алгебра	Физика	География
	Алгебра	География	Қазақстан тарихы
8а	Қазақстан тарихы	География	Биология
	Биология	Химия	География
	Биология	География	Шетел тілі (ағылшын тілі)
8ә	Қазақстан тарихы	География	Биология
	Биология	Химия	География
	Биология	География	Шетел тілі (ағылшын тілі)
9а	Алгебра	Физика	География
	Қазақстан тарихы	География	Шетел тілі (ағылшын тілі)
	География	Шетел тілі	Биология
9ә	Алгебра	Физика	География
	Қазақстан тарихы	География	Шетел тілі (ағылшын тілі)
	География	Шетел тілі	Биология

Жалпы орта білім беру деңгейі бойынша вариативтік компонент сағаттары:
2023-2024 оқу жылында 10-11 кластар жаратылыстану - математикалық бағыт бойынша оқиды.

Бұл бағыт оқушылар мен ата-аналар таңдауы мен өтініші негізінде таңдап алынды.

10-11 сыныптарының вариативтік компонентін бөлу кезінде оқушылардың білімін жан жақты толықтыру мақсатындағы курстар тандалып отыр.

«Өмір қауіпсіздігінің негіздері» және оқу далалық жиыны 10 сыныпта «Алғашқы әскери және технологиялық дайындық» оқу курсының аясында жүзеге асырылады.

Оқу жоспарының вариативтік компонентінің сағаттары төмендегі ретте бөлінді:

10 – класта:

«Жаһандық құзыреттілік» - 10 класта – 1 сағат.

«Физика есептерін шығару әдістері» - 10 класта -1сағат.

«Химиялық есептері мен заңдылықтары»-10 класта – 1сағат.

11- класта:

«Жаһандық құзыреттілік» - 11 класта – 1 сағат.

«Физика есептерін шығару әдістері» - 11 класта -1сағат.

«Биохимия негіздері» - 11 класта – 1 сағат.

Бастауыш, негізгі және жалпы орта білім берудің жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарында ҰОЖ сәйкес жүзеге асыратын вариативтік компоненттің факультативтері мен таңдау курстарын іске асырылуы бойынша 2023-2024 оқу жылының оқу жоспары мектеп сайтына жүктелді.

Сілтеме: <https://aktobe-65-aktobe.edu.kz/>

10. Бағалау өлшемшарттарының 12.5 тармағы: Бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім берудің жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын іске асыратын білім беруді ұйымдарында білім алушылардың инвариантты және вариативті компонентін (арнайы білім беру ұйымы үшін түзету компоненті) құрайтын оқу жүктемесінің жалпы көлемінің, сондай-ақ ҰОЖ-мен белгіленген сыныптар бойынша апталық және жылдық оқу жүктемесінің сәйкестігі және сақталуын анықтауға 2023-2024 оқу жылының оқу жоспары ұсынылмаған,-деп көрсетілген.

Аталған кемшілікті түзету барысында:

Бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім алушылардың оқу жүктемесінің ең жоғарғы көлеміне өлшемшарттар:

Білім алушылардың апталық оқу жүктемесінің ең жоғарғы көлемінің сәйкестігі мен сақталуы:

2023-2024 оқу жылын зерделеу барысында жалпы - 569 сағат. Жұмыс оқу жоспарымен сабақ кестелері жасалып бекітілген. Сабақ кестесі жұмыс оқу жоспарына сәйкес жасалған. Жұмыс оқу жоспарында және сабақ кестесінде әрбір

сыныптағы пәндер бойынша оқу сағаттарының нормалары сақталған. Оқу-тәрбие үрдісіндегі апталық жүктеме ең жоғарғы көлеммен сәйкес.

Апталық оқу жүктемесінің ең жоғары көлемі бастауыш білім беруде 26 сағаттан, негізгі орта білім беруде 5-сыныпта – 28,5 сағаттан, 6-сыныпта – 28,5 сағаттан, 7-сыныпта – 32,5 сағаттан, 8-сыныпта–32,5 сағаттан, 9-шы сыныпта 34 сағаттан, жалпы орта білім беруде 10-шы және 11-ші сыныптарда 35 сағаттан аспайды. Білім алушылардың оқу жүктемесінің ең жоғары көлеміне қойылатын талаптар сақталған.

2023-2024 оқу жылында 569 сағат апталық оқу жүктемесінің ең жоғары көлемі бастауыш білім беруде 1-сыныпта-19,5 сағаттан (екі сынып комплектісі бар), 2-сыныпта – 24 сағаттан (екі сынып комплектісі бар), 3 сыныпта (екі класс комплектісі бар) және 4-сыныптарда -26 сағаттан (екі класс комплектісі бар), барлығы – 191 сағатты құрап отыр. Негізгі орта білім беруде 5-сыныпта- 28,5 сағаттан (екі сынып компл), 6-сыныпта-28,5 сағаттан (үш сынып компл.бар), 7-сыныпта – 32,5 сағаттан, 8-сыныпта - 32,5 сағаттан (екі класс компл.бар), 9-сыныпта- 34 сағаттан, барлығы –308 сағатты құрап отыр; жалпы орта білім беруде 10-шы сыныпта-35 сағаттан,11-ші сыныпта-35 сағаттан, барлығы – 70 сағатты құрайды. Білім алушылардың оқу жүктемесінің ең жоғары көлеміне қойылатын талаптар сақталған.

Инвариантты вариативті (арнайы білім беру ұйымы үшін түзету компоненті) компоненттерін құрайтын білім алушылардың оқу жүктемесінің жалпы көлемінің сондай-ақ, ҰОЖ белгілеген сыныптар бойынша апталық және жылдық оқу жүктемесінің сәйкестігі және сақталуы;

2023 -2024 оқу жылы Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығымен (*ҚР Оқу-ағарту министрінің 23.09.2022 №406*) енгізілген өзгертулер «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттары» негізінде инвариантты және вариативті компоненттерді қамтитын білім алушылардың оқу жүктемесінің жалпы көлемі сақталған, сондай-ақ сыныптар бойынша апталық және жылдық оқу жүктемесі оқу жұмыс жоспарларында сәйкестігі анықталды.

2023-2024 оқу жылы бойынша 1-класта – апталық 17,5 сағат, жылдық 777,5 сағат, 2-класта – апталық 21 сағат, жылдық 714 сағат, 3-сыныпта – апталық 24 сағат, жылдық 816 сағат, 4-сыныпта – апталық 24 сағат, жылдық 816 сағат берілген.

5-сыныпта – апталық 27 сағат, жылдық 918 сағат, 6-сыныпта – апталық 27 сағат, жылдық 918 сағат, 7-сыныпта – апталық 28 сағат, жылдық 952 сағат, 8-сыныпта – апталық 28 сағат, жылдық 952 сағат, 9-сыныпта – апталық 29 сағат, жылдық 986 сағат оқу жүктемелері үлгілік оқу жоспарына сәйкес келеді.

10 -сыныптар – апталық 32 сағат, жылдық - 1088 сағатты, 11-сыныпта – апталық 32 сағат, жылдық- 1088 сағатты құрайды.

Вариативті компонент есебінен берілген сағаттар саны: 1 сыныпта - апталық 2 сағат, жылдық – 66 сағат, 2 сыныпта апталық 3 сағат, жылдық – 102 сағат, 3

сыныпта апталық 2 сағат, жылдық -68 сағат және 4 сыныптарда – апталық 2 сағат, жылдық – 68 сағат берілген.

5- сыныпта – апталық 1,5 сағат, жылдық – 51 сағат, 6-сыныпта апталық – 1,5 сағат, жылдық – 51 сағат, 7- сыныпта апталық – 4,5 сағат, жылдық – 153 сағат, 8-сыныпта апталық -4,5 сағат, жылдық- 153 сағат, 9-сыныпта апталық – 5 сағат, жылдық – 170 сағат, 10 сыныпта апталық – 3 сағат, жылдық- 102 сағат, 11-сыныпта апталық – 3 сағат, жылдық – 102 сағатты құрайды.

Вариативтік компонентті анықтауда білім беру ұйымы қызметінің ерекшеліктері мен бағыты балалардың қызығушылықтары, және т. б. ескерілген. Вариативті компонент бойынша оқу бағдарламалары жасалып бекітілген.

Бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім берудің жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын іске асыратын білім беруді ұйымдарында білім алушылардың инвариантты және вариативті компонентін (арнайы білім беру ұйымы үшін түзету компоненті) құрайтын оқу жүктемесінің жалпы көлемінің, сондай-ақ ҰОЖ-мен белгіленген сыныптар бойынша апталық және жылдық оқу жүктемесінің сәйкестігі және сақталуын анықтауға 2023-2024 оқу жылының оқу жоспары № 65 жалпы білім беретін орта мектебінің сайтына жүктелді.

Сілтеме: <https://aktobe-65-aktobe.edu.kz/>

11. Бағалау өлшемшарттарының 12.5 тармағы: Бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім берудің жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарын бағалау сәйкес келмейді, 2023-2024 оқу жылында «BilimCiass» электронды журналды зерделеу барысында 7 «А» сыныбында химия пәнінен, 7.11-26.12 аралығында формативті бағалау қойылмаған, тек БЖБ, ТЖБ балдары қойып қорытындыланған, (пән мұғалімі Досанова Ж.), 8 сыныпта химия 7.11-26.12 аралығында формативті бағалау қойылмай тек БЖБ, ТЖБ балдары қойып қорытындыланған (пән мұғалімдері Ж.Досанова, А.Мусаева). 9-10-11 сыныпта химия пәнінен 7.11-26.12 аралығында формативті бағалау қойылмай, тек БЖБ, ТЖБ балдары қойылып қорытындыланған (пән мұғалімдері Ж.Досанова, М.Мусаева). 11 «А» сыныбында физика пәні 9.01-15.01, 22.02-19.03 аралығында формативті бағалау қойылмай тек БЖБ, ТЖБ балдары қойылып қорытындыланған (пән мұғалімі А.Қоянбаева), - деп көрсетілген.

Аталған кемшілікті түзету барысында:

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 21 қаңтардағы № 52 бұйрығымен бекітілген (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде №13137 болып тіркелген) білім алушылардың білімін бағалау өлшемшарттарына сәйкес білім алушылардың оқу жетістіктерін бағалауды жүзеге асыру мен қалыптастырушы және жиынтық бағалауды «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3-тамыздағы №348 бұйрығы 2-қосымша 4-тарау 42, 43, 44-тармақ, 3-қосымша 4-тарау 57, 59, 60-тармақ, 4-қосымша 4-тарау 51, 53, 54-

тармақ талаптарын басшылыққа ала отырып, 2024-2025 оқу жылы бойынша «BilimCiass» электронды журналында кеткен кемшіліктер бойынша мұғалімдерге түсіндіру жұмыстары жүргізіліп, шаралары алынып, мәліметтер ұсынылды, мектепшілік бақылауға алынды.

2024-2025 оқу жылы бойынша химия пәні мұғалімі Ж.Досанова бала күніміне байланысты декреттік демалысқа кетті, Бұйрық №172, 01.08.2024ж. Ж.Досановның денсаулығының жарамсыздығына байланысты А.Мусаева химия пәнінен 7.11 - 26.12 аралығында 7, 9-10-11 сыныпта химия пәнінен сабақтарды ауыстырды, бұйрық №309, 125.12.2023ж. Физика пәні мұғалімі А.Қоянбаева 2023-2024 оқу жылының соңында ҚР Еңбек кодексінің 52 бабы 1 тармақ 24 тармақшасы бойынша зейнеткерлікке кетті, Бұйрық № 10, 31.05.2024ж.

Осы қателікті болдырмау мақсатында пән мұғалімдерімен түсіндіру жұмыстары жүргізілді, «BilimCiass» электронды журналға жауапты директордың оқу-тәрбие ісі жөніндегі орынбасары А.Ш.Исабековаға тәртіптік шараға тартылып, ескерту берілді.

2024-2025 оқу жылында 7 А, 9,10,11 сыныптарда химия пәні мұғалімі болып А.Жолдыбаева жұмысқа қабылданды, Бұйрық №19, 02.09.2024ж. Физика пәні мұғалімі болып, Н.Атыраубаева ауыстыру арқылы тағайындалды, Бұйрық №23, 02.09.2024ж.

Қазіргі таңда 2024-2025 оқу жылының «BilimCiass» электронды журналында кеткен кемшіліктер жойылды.

Сілтеме: <https://bilimclass.kz/2024/schedule/>

**«№65 жалпы білім беретін
орта мектебі» КММ-нің директоры:**



М.С.Жантурина.